Файлдардың үшінші типі болып транзакция журналының файлы (log files) табылады. Олар .LDF кеңейтілуіне ие және мәліметтер базасының кестелер және көрсетілімдер сияқты объектілерінен тұрмайды. Оларда мәліметтер базасының транзакциясын қалпына келтіру үшін транзакция журналы сақталады. Бұл файлдарда әр транзакция көлемінде орындалған мәліметтер базасының барлық өзгертулері тіркеледі.

Мәліметтер базасының файлдары ішкі тәртіпке ие. Мәліметтер файл ішінде беттерде және экстендтерде сақталады.

## 2.2 SQL тілі – мәліметтер базасының негізгі тілі

SQL тілінің таралуының жылдам өсуі қазіргі компьютер өндірісінің ең маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Соңғы бірнеше жылда SQL мәліметтер базасының бірден бір жалғыз әрі негізгі тілі болып қалыптасты. Бүгінгі күнде SQL персоналды компьютерде үлкен ЭЕМ-дерде жұмыс істейтін жүзден астам МББЖ-нің қолдануына мүмкіндік жасап отыр. SQL компьютердің МБ-дағы мәліметтерді өңдеу және оқу үшін арналған құрал-сайман. SQL МБ-ң реляциялық түрімен жұмыс істейді.



2.2-сурет – SQL жұмысының схемасы

Осы схемаға сәйкес есептеу жүйесінде маңызды ақпаратты сақтайтын МБ бар. Егер есептеу жүйесі бизнес төңірегіне таяу болса, онда МБ-да еңбек ақы, сату көлемі, шығарылатын бөлім және басқадай бағалы заттар туралы ақпарат сақталуы мүмкін, т.б. Егер тұтынушы МБ-нан мәліметтерді оқығысы келсе, онда ол SQL көмегімен МББЖ-ге өтініш жібереді. Мәліметтерге өтініш жіберу және нәтиже алу процестері МБ-на өтініш беру деп аталады. Сондықтан, SQL құрылымдық өтініш тілі деп аталады.

SQL қызметтері:

1) Мәліметтерді ұйымдастыру. SQL тұтынушыға мәліметтерді көрсету құрылымын өзгертуге және МБ элементтері арасындағы қатынастарды қалыптастыруға мүмкіндік береді;

2) Мәліметтерді оқу. SQL тұтынушыға МБ-ғы мәліметтерді оқуға және оларды пайдалануға мүмкіндік береді;


3) Мәліметтерді өңдеу. SQL тұтынушыға МБ-н өзгертуге мүмкіндік береді. SQL өтініштері арқылы оған (МБ-на) жаңа мәліметтерді қосуға бар мәліметтерді жаңартуға немесе жоюға болады;

4) Қол жеткізуді басқару. SQL көмегі арқылы тұтынушының мәліметтерді оқу және өзгерту мүмкіндіктерін шектеуге және оларды рұқсат етілмеген жағдайда қол жеткізу мүмкіншіктеріне қорғауға болады;

5) Мәліметтерді бірлесе пайдалану. SQL бір біріне кедергі жасамау үшін, бір мезгілде (параллель түрде) жұмыс істеген тұтынушылардың мәліметтерді бірлесе пайдалануын ұйымдастыру;

6) Мәліметтердің бүтіндігі. SQL МБ-н бүтіндігін сақтай отырып, келісілмеген өзгертулерден немесе жүйенің істен шығуынан туындайтын мәліметтердің бұзылуынан сақтайды [4].

Осылайша, SQL МББЖ-ге әсер ете алатын жеткілікті әрі қуатты тіл. SQL МББЖ-ң ажырамас бөлігі, әрі ол тұтынушымен МББЖ арасын байланыстыратын құрал сайман. 2.4-суретте SQL-дің құрылымдық схемасы көрсетілген.



2.3-сурет – Құрылымдық схема

Мұндағы 1-пішін генераторы, 2-есептеу генераторы, 3-интерактивті өтініштер құрайтын модуль, 4-қолданбалы программа, 5-клиенттік қолданбалы программа. МБ-ң ядросы МББЖ-ң жүрегі тәріздес болп табылады. Ядро дискіден мәліметтерді физикалық түрде оқылуына және мәліметтерді дискіге жазылуына және мәліметтерді физикалық



құрылымдауға жауап береді. Ода басқа ядро басқа есептеу жүйесінің және тұтынушылар қосымшасынан МББЖ-нің басқа бөліктерін (генератор, т.б.) туындайтын SQL өтініштерін қабылдайды.

2.4-суретте көрсетілгендей SQL көп қызметтер атқарады:

1) SQL интерактивті өтініштер тілі. Тұтынушылар экранда мәліметтерді көрсетуге арналған және оқуға арналған интерактивті программаларға SQL бұйрықтарын енгізеді. Бұл арнайы өтініштерді орындайтын ыңғайлы тәсіл;

2) SQL МБ-н программалайтын тіл. МБ-на қол жеткізу үшін программашыға өз программаларына SQL бұйрықтарына орындалады. Бұл тұтынушылар жазған программаларында да, мәліметтердің қызмет программаларында да қолданылады;

3) SQL – МБ-н басқаратын тіл. Мини компьютерде де, үлкен ЭЕМ-де де МБ-н басқарушы мәліметтерге қол жеткізуді басқару үшін және МБ-ң құрылымын анықтау үшін SQL тілін қолданады;

4) SQL клиент-сервер қосымшасын жасайтын тіл. Персоналды компьютер программаларында SQL бірлесе пайдаланылатын мәліметтер сақтайтын МБ-ң серверімен бірге локальді, жергілікті торап арқылы байланыс ұйымдастыру үшін қолданылады;

5) SQL мәліметтер базасын орналастыратын тіл. Орналастырылған МБ-н басқару жүйелерінде SQL арқылы өзара әсерлесетін бірнеше есептеу жүйелеріне мәліметтерді орналастыру көмектеседі. Әрбір жүйенің программамен қамтылуы мәліметтерге қол жеткізуге өтініштер жібере отырып, SQL-ді қолдану арқылы басқа жүйелермен байланыс жасау;

6) SQL МБ-ң шлюз тәріздес тілі. Әртүрлі МББЖ бар есептеу тораптарында біртүрлі МББЖ-мен екінші түрлі МББЖ-мен байланыстыруға мүмкіндік беретін шлюзді программаларда SQL тілі қолданылады.

SQL ерекшеліктері:

- нақты МББЖ-ден тәуелсіздігі;
- бір есептеу жүйесінен екіншіге ауыстыру мүмкіндігі;
- стандарттың бар болуы;
- реляциялық негіз;
- арнайы интерактивті өтініштер орындау мүмкіндігі;
- программалы түрде МБ-на қол жеткізуді қамтамасыз ету;
- мәліметтерді әр түрде көрсету мүмкіндігі;
- МБ-ң жұмыс істеуге арналған толық мәнді тіл;
- мәліметтерді динамикалық түрде анықтау мүмкіндігі;
- клиент-сервер архитектурасын қолдану мүмкіндігі.

SQL-тілінің таралуының жылдам өсуі қазіргі компьютер өндірісінің ең маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Соңғы бірнеше жылда SQL мәліметтер базасының бірден бір негізгі, әрі жалғыз тіл болып қалыптасты. Бүгінгі күнде SQL персоналды компьютерде де, үлкен ЭЕМ-де де жұмыс істейтін жүзден астам МББЖ-дің қолдауға мүмкіндік жасап отыр. SQL

компоненттерінің мәліметтер базасындағы мәліметтерді өңдеу және оқу үшін арналған құрал-сайман.

SQL қызметтері:

1) Мәліметтерді ұйымдастыру. SQL тұтынушыға мәліметтерді көрсету, құрылымын өзгертуге және мәліметтер базасының элементтері арасындағы қатынастарды қалыптастыруға мүмкіндік береді;

2) Мәліметтерді оқу. SQL тұтынушыға мәліметтер базасындағы мәліметтерді оқуға және оларды пайдалануға мүмкіндік береді;

3) Мәліметтерді өңдеу. SQL тұтынушыға мәліметтер базасын өзгертуге мүмкіндік береді;

4) Қол жеткізуді басқару. SQL көмегі арқылы тұтынушының мәліметтерді оқу және өзгерту мүмкіндігін шектеуге және оларды рұқсат етілмеген жағдайда қол жеткізу мүмкіндіктерінен қорғауға болады;

5) Мәліметтерді бірлесе пайдалану.

SQL-де барлық өтініштер бір бұйрықтың негізінде құрастырылады. Ол бұйрықтың құрылымы қарапайым, бірақ өте күрделі есептеулерді және мәліметтерді өңдеуді орындау үшін оны кеңейтуге болады. Бұл бұйрықтың аты SELECT[8].

### **2.3 Мәліметтер базасының құрылымын сипаттау**

Мәліметтер базасы (МБ) жобалауға, талдау жасауға арналған, сонымен қатар, есеп беру және форманы құру әдісін түсіндіреді. Қазіргі кезде қоғамдағы компьютерлендіруге қарамай, шағын бизнес аймағында әлі күнге дейін есеп беруді және құжаттандыру үрдісін жеткілікті дәрежеде іске асыру мүмкіндігін беретін құрал жоқ.

Қарастырып отырған мәселенің өзектілігі – мекемелердің администраторлары өздерінің көп уақытын әртүрлі құжаттарды және есеп берулерді өңдеуге жіберуінде.

МБ ақпараттық процесте компьютерлік қамтамасыз етудің негізін салуда. Ол адам қызметтерінің барлық саласына енді. МБ мәліметтер құрлымын ұсынуда және манипуляциялауда тиімді құрал болып табылады. МБ концепциясын мәліметтерді орталықтандырған басқаруды қамтамасыз ететін және ол арқылы көптеген қолданушыға қызмет көрсетуде жинақталған ақпаратты сақтауды ұсынады.

Мәліметтер базасының құрылымы.

Мәліметтер базасы – бұл ережеге сәйкес кейбір критерийлер бойынша реттелген ақпараттардың бірыңғай жиынтығы. Мәліметтер базасы қағаздық немесе компьютерлік түрде болу мүмкін.

Қарапайым мысал ретінде қағаздық МБ-на мыналарды алуға болады: телефондық анықтама, поезд қозғалысының кестесі, кітаптар туралы ақпаратты құрайтын қағаздық карточкалардың жиынтығы. Компьютерлік МБ ақпараттан құралатын файлдар болып табылады.

МБ жазбалардан тұрады. Әр жазба бір дана жөнінде ақпаратты құрайды. Жазбалар өрістерден тұрады. Әр өріс даналардың сипаттамасы жөнінде ақпаратты құрайды. Әр жазба бірдей өрістерден тұратынын ескеру керек [9].

Мәліметтер базасының құрылу үрдісі келесі тізбек қадамдары бойынша көрсетіледі:

- каталогтың құрылуы;
- бүркеніш аттың құрылуы;
- кестенің құрылуы.

МБ ЭЕМ ортасында мәліметтер базасын басқару жүйесі деп аталатын (МББЖ) бүтін программалық қамтамасыздандыруда қолданылуы қажет. МББЖ қолданбалы программамен бірге мәліметтер банкі деп атайды.

Мәліметтер банкінің сәулеті.

Қазіргі таңда мәліметтер базасының модельдеріндегі пәндік аймақ ақпараттарын кескіндеу мен қабылдаудың келесідей келесі төрт деңгейін қолданатын МББЖ-нің төрт деңгейлі сәулеті қабылданған:

- инфологикалық деңгей;
- концептуалды деңгей;
- ішкі деңгей;
- сыртқы деңгей.

Әрбір деңгейде осы берілген деңгейдің сипаттау тілі көмегімен мамандандырылатын ақпараттар мәліметтерінің моделі кездеседі. Сипаттау тілінде көрсетілген әрбір деңгей моделін сұлба деп атау қабылданған. Бір деңгейден екінші деңгейге модельдерді (модельдер сипаттамасын) ауыстыру трансляция немесе интерпретация көмегімен жүзеге асырылады. Ақпараттардың ұсынылу (сипатталу) түріне тәуелді сұлбалардың келесідей түрлері ерекшеленеді:

- пәндік аймақ ақпараттары жөнінде жалпы ақпараттық-логикалық көрсетілім беретін инфологикалық сұлба;

- нақты МББЖ-нің терминдерінде пәндік аймақ жөніндегі ақпараттарды сипаттайтын концептуалды сұлба;

- жүйе қолданушылары мен қолданбалы программалар үшін пәндік аймақ жөніндегі ақпараттарға көрсетілім беретін сыртқы сұлба. Концептуалды және сыртқы сұлбалар көмегімен МББЖ программалар мен қолданушыларға сақталынған мәліметтерге, олардың физикалық орналасуларын ескермей-ақ, тек қана олардың аттары арқылы қатынас орнатуға мүмкіндік береді. МББЖ керекті мәліметтері сыртқы есте сақтау құрылғыларында ішкі сұлбаларды суреттеу арқылы ізделінеді;

- нақты МББЖ-дегі ақпараттарды ұсыну физикалық деңгейін сипаттайтын ішкі сұлба. Кез келген сұлба тәрізді бұл сұлбада да, осы МББЖ мәліметтерін сипаттау тілінде анықталатын, өзіндік моделі сәйкес келеді .

Дамыған МББЖ өмір сүру қабілеттілігі концептуалды деңгей арқылы анықталады, өйткені концептуалды деңгей ішкі және сыртқы деңгейлерді өзара байланыстырып, ішкі модель деңгейін өзгерту осы ақпараттық қорды

қолданатын, өзге қолданбалы программалардың қайта жөндеуі іске аспайтындай етіп, олардың тәуелсіздігін қамтамасыз етеді.

Мәліметтер тәуелсіздігінің мәселесі орталық мәселе болып табылады, өйткені оның шешу мүмкіндігі, көп жағдайда, өңделінген кешеннің пәндік аймақта өтетін өзгерістерге тұрақтылығын анықтайды. Мәліметтердің тәуелсіздік принципі қамтамасыз ететін әдістер мен тәсілдер мәліметтер базасының модельдерін жобалау сатыларында кездесетін, бірнеше факторларды ескеруі қажет.

Мысалы, пәндік аймақтың инфологиялық кескінделу сатысында шешілетін тапсырмалар, жүйені функционалдаудың желілік (немесе көп тапсырмалы) нұсқасының тапсырмалары тәрізді, мәліметтердің тәуелсіздік мәселелерімен байланысты болады. Сақталынатын мәліметтердің оларды қолданатын программалардан тәуелсіздігін қамтамасыз ету – қажет болған жағдайда сақталынған мәліметтерді басқа ақпарат тасымалдағыштарға қайтіп жазуға немесе тек қана мәліметтердің физикалық моделін өзгерте отырып, олардың физикалық құрылымын қайта ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Жүйеге жаңа қолданушылардың (жаңа қосымшалардың) кез келген санын, тіпті керек болған жағдайда концептуалды модельді де қосуға болады. Көрсетілген өзгерістер жүйенің бұрынғы қолданушылары мен олардың қосымшаларына «анық» болуы қажет. Теория жүзінде, мәліметтердің тәуелсіздігі – бұрыннан қолданылыстағы қосымшаларды бұзбай-ақ, мәліметтер базасы жүйесінің даму мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін жүктелген. Ескере кететін жағдай, мәліметтер базасын жобалаудың бірінші сатысының маңыздылығы мен қажеттіліктерін толық түсінбеу, ақпараттық жүйені іске қосу кезінде көптеген қиындықтар тудырады.

Инфологиялық модель мәліметтерді сақтау ортасының физикалық параметрлеріне тәуелсіз болады, дегенмен, ең ақырында олар ішкі және сыртқы модельдер тәрізді машиналы-бағыттағыштар болып, мәліметтердің концептуалды моделін құрудағы ең негізгісі болып табылатынын ескергеніміз жөн. Сондықтан нақты өмірдегі қандай да бір ережелер өзгермейінше, инфологиялық модель де өзгемеуі қажет. Ең бастысы, егер мұндай өзгерістер болған жағдайда ол пәндік аймақты бірқалыпты кескіндеп тұруы үшін, оған да сәйкесінше өзгерістер енгізуіміз қажет [15].

Ішкі деңгей сақталатын мәліметтің физикалық құрылымына жақын болады. Осы ішкі деңгей физикалық деңгейдегі мәліметтерді манипуляциялауға арналған операциялық жүйе қатынастарының тәсілдерін ескеріп отырады. Ол мәліметтерді өңдеу операцияларының техникалық құрылғылардан тәуелсіздігін қандай да бір деңгейге төмендетеді.

Сыртқы деңгей әрбір қолданушыны қабылдау деңгейі болғандықтан, МББЖ қолданушыларының деңгейі болып табылады. Әрбір қолданушы үшін өзіндік ішкі деңгейі (сұлба – мәліметтерді сипаттаудың сәйкес тіліне сай модель) құрылады десек те болады. Сыртқы модель ішкі жазбалардың әртүрлі түрлерінің бірнеше түптемелерінен тұрады, мұндай жазбалар сақталынған жазбалармен сәйкес келмеуі де мүмкін.

Концептуалды деңгей қолданушылардың жергілікті көрсетілімдерінің жалпыламасы болып табылады, яғни нақты МББЖ терминдеріндегі пәндік облыстың жалпы ғаламдық сипаттамасы болып табылады. Ол қолданушылардың пәндік аймақ жөніндегі көрсетілімдерін біртұтас біріктіре отырып, кейбір стандарт ретінде қызмет атқарады. Концептуалды деңгей (және бұл деңгейге сәйкес келетін концептуалды модель, немесе жай модель) мәліметтердің физикалық сақталу тәсілімен салыстырғанда біршама тұрақты формаға ие, мәліметтер базасының әлемдік ақпараттық құрылым деңгейі болып табылады. Концептуалды модель нақты МББЖ терминдерінде қолданылысқа рұқсат етілген концептуалды жазбалардың әртүрлі типтерінің бірнеше даналарының жиынынан тұрады. Бұл деңгей инфологиялық деңгейге ұқсас болып келеді, сондықтан концептуалды модель жазбаларының данасы объект немесе инфологиялық деңгей объектілер аралық байланысты білдіреді [14].

Концептуалды жазба сыртқы немесе сақталынған жазбаларға сәйкес келмеуі де мүмкін. Концептуалды модель концептуалды жазбалардың әрбір түріне анықтама беретін концептуалды сұлба көмегімен анықталынады.

Мәліметтер тәуекелсіздігіне қол жеткізу үшін бұл анықтамалар сақтау құрылымын немесе қатынас стратегияларын ескермеуі қажет, сонымен қатар, олар тек қана ақпараттық құрылым анықтамалары болуы керек, яғни физикалық кескінделу (индекстеу, хеш адрестеу) ерекшеліктеріне ие болмайды.

Мәліметтер базасының концептуалды моделін жобалау қолданушылардың ақпараттық қажеттіліктерін талдап, оларға қажетті мәліметтер элементтерін анықтауға мүмкіндік береді.

Мәліметтер базасының ерекшелігі.

Программаның қай жерде орналасуына байланысты, қолданылатын мәліметтерді және де мәліметтердің өзін де, сонымен қатар, бірнеше қолданушылар арасындағы мәліметтердің бөліну амалдарына сәйкес мәліметтерді локальді және қашықтатылған мәліметтер базасына бөледі.

Локальді мәліметтер базасы.

Локальді мәліметтер базасы компьютер дискісінде немесе желілік дискіде (желіде жұмыс істейтін басқа компьютердің дискісі) орналасады.

Мәліметтерді бөлуді қамтамасыз ету үшін бірнеше қолданушылар арасында бір немесе бірнеше компьютерде файлдардың блокировкасы әдісінде локальді мәліметтер базасында жұмыс істейтін программалар бар. Бұл әдістің қызметі мәліметтерді бір қолданушы қолданып жатқанда екінші қолданушы ол мәліметтерді қолдана алмайды, яғни мәліметтер ол үшін блокталынған. Локальді мәліметтер базасына dBase, FoxPro, Access, Paradox-ті мысалға алуға болады [2].

Қашықтатылған мәліметтер базасы.

Қашықтатылған мәліметтер базасының файлдары қашықтатылған компьютерде орналасқан. Қашықтатылған компьютер каталогтары желілік диск ретінде қаралмайтынын ескере кету керек.

Қашықтатылған мәліметтер базасымен жұмыс істегендегі программа екі бөлімнен тұрады: клиенттік және серверлік. Программаның клиенттік бөлігі қолданушы компьютерінде жұмыс істейтін серверлік программамен байланысты қамтамасыз етеді: қашықтатылған компьютерге жіберілетін сауал әдісімен мәліметтерге рұқсат береді. Программаның серверлік бөлімі қашықтатылған компьютерде жұмыс істеп, сауалды қабылдап, оларды орындап қайтадан мәліметтерді клиенттік программаға жібереді. Сауалдар SQL тіліндегі командалар болып табылады. SQL-құрылымдалынған сауалдардың тілі.

Ақпараттық мәліметтер базасында қызметтің бір бөлігін есептеу техникасы, ал екіншісін адам орындайды. Мәліметтер базасында мәліметтер база жүйесі орталық орын алады. Есептеу жүйесінде сақталатын мәліметтер массивін мәліметтер базасы (МБ) деп атайды.

Мәліметтер базасы мен мәліметтер базасын басқару жүйесі мәліметтер базасы жүйелерінің құрамына кіреді. МБ-н жасау кезінде екі мәселені ескеру қажет:

1) мәліметтер өздерін қолданатын программаға тәуелсіз болуы керек (программаны өзгертпей-ақ мәліметтерді қосу немесе қайта құру үшін);

2) жай программатілінде жазылуы күрделі еңбекті қажет ететін программасыз-ақ МБ-нан керекті ақпарат сұрау және іздеу мүмкіндігін қамтамасыз ету.

МБ туралы айтқанда бұл өмірдегі нақты объект саласы туралы айтады (университет, аурухана, спорт, кітап, театр және т.б.) .

### 3 Программалық қамтаманы құру

#### 3.1 Программалау тілін таңдауды негіздеу

Процедуралық программалау жетпісінші жылдары программалаушылардың еңбек өнімділігін арттыру қажеттілігінен туындап, сол кездегі көп қолданылатын, мысалы Ассемблерге қарағанда программалық қамтаманы құру үрдісін біршама қарапайым түрге келтіру және жеңілдету үшін құрылды. Паскаль және Си процедуралық тілдері қамтамасыз ететін абстракцияның басқа да бір жоғары деңгейі программалау өнімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Осылайша процедуралық программалау әдістемесінде қолданылатын табиғи эволюциялық даму ретінде объектілі-бағытталған программалаудың концепциясы қалыптасты.

Процедуралық программалауда кодтың бөлшектері блоктарға («қара жәшіктер») ұйымдастырылған модульдер мен функцияларға бөлінеді. Бұл блоктар программалаушыдан өзінің мазмұнының күрделілігін жасырады, олардың әрқайсысы мәліметтерге қажетсіз немесе авторланбаған кірудің алдын алу үшін ақпаратты «жасыруға» тырысады. Теориялық түрде «қара жәшік» өзінің юрисдикциясынан, шекарасынан тыс жатқан, «сыртта жазылған» қандайда бір мәліметтерді өзгерту үшін қолданылмауы тиіс. Сонымен бірге, оның программаға кейбір кері эффект («қоңыздар») беретін қабілеті болмау керектігі жорамалданады. Бірақ өкінішке орай, шындығында: кері әсер ету эффекттерінің саны программаның өлшеміне тура пропорционал. Программа үлкейген сайын, оның кодында «қоңыздар» тез байқалуы мүмкін.

Процедуралық программалау нақтылы өмірдің проблемаларын «компьютер тәріздес» терминдерге түрлендіреді, олар программа жазуға себін тигізеді. Объектілі-бағытталған программалау (ОББ), керісінше программада қолданылатын, не қолданылмайтын заттарды идентификациялау арқылы, алайда қойылған проблема бойынша нақтылы қарым-қатынастарды сақтайтын, мәліметтердің модельдеріне бөліне алатын нақтылы өмірді модельдейді. Бұл заттар компьютерде мәліметтердің жаңа типтері, яғни объекттер ретінде бейнеленеді. Объекттер программаның мәтінінде кластар деп аталатын мәліметтердің құрылымы ретінде анықталады; кластар хабарларды ұстап, оларға әдістер арқылы кері жауап қайтарып спецификалық іс-әрекеттер орындай алады. Егер сіз ОББ-ның мұндай терминдерімен бейтаныс болсаңыз, онда төмендегілерді есте сақтаңыз:

- объект – бұл орындалу барысындағы кластың бір түрі;
- әдіс – бұл кластың спецификациясында анықталғандай, объектіде қамтылған кластың функция-мүшесі;
- хабар – бұл кластың әдісін шақыру.

Хабар ОББ технологиясында объектіні шақыру болып табылады. ОББ-хабарлары мен Windows-хабарларын шатастыруға болмайды; Windows-дың

хабарлар жүйесі (Windowsmessaging) – бұл Windows-дың өз-өзімен және операциялық жүйедегі белсенді үрдістерімен қарым-қатынас жасайтын ішкі механизмі [6].

Әрине, біз үй мен үйдің сызбасы бірдей емес екеніне есеп бере аламыз, ал бірақ абстрактілі түрде олар бірдей. Үйді салу процесінің барлық егжей-тегжейлерін сызбадан, және де сызбадағы бар затты үйден табуға болады. Басқа сөзбен айтқанда бұл класс пен объектінің байланысы емес.

Мысал ретінде ең қарапайым үйді қарастырайық. Үй-объект басқа объектілерден, яғни шатыр, кереге, коммуникациялар және тағы басқалардан тұрады; бұл объектілердің барлығы қазіргі заманға сай үйлердің көбісінде кездеседі. Қарапайым сызбаны бастапқы нүкте ретінде пайдалана отырып, сәулетші АЖЖ (автоматтандырылған жобалау жүйелері) программаларын қолданып бастапқы жобаның кеңейтілуі болып табылатын, мысалы, бөлмелерді, екінші қабатты одан да басқа заттарды қосу арқылы сызбаның басқа бір түрін ала алады. Үй жоспарларының екінші бір бұл түрі өз кезегінде үшінші, бұдан да бір күрделі сызбалар жиынын алуға мүмкіндік береді. Сіздер жақында осылайша объектілерді де пайдалануға болатынына көз жеткізесіздер.

Сызба (класс) көптеген үйлерді (объектілер) салғанда пайдаланылады. Осылайша біздің гипотетикалық үйімізді салу үшін қолданылған объектілер әртүрлі конфигурацияларда қосылып, нәтижесінде әртүрлі үйлер пайда болуы мүмкін.

Объектілер осы мәліметтермен әртүрлі операциялар орындайтын мәліметтерді ғана емес, функцияларды да қамтығандықтан ОББ процедуралық программалаудың ескі техникасындағы былықтан арылып, үлкен де, күрделі программалық жабдықтарды оңай құруға, одан ары жүргізуге және модификациялауға мүмкіндік береді.

Бұл екі программалау модельдерінің арасында көптеген сәйкестік болғанымен, ОББ программа (кластың айнымалы-мүшелері) мәліметтерін және осы мәліметтермен қарым-қатынасы бар функцияның (кластың әдістері) мәліметтерін объектілерге жинақтауға мүмкіндік береді. Мәліметтер мен функцияларды мұндай жинақтаудың (инкапсуляцияның) нәтижесінде объектілер өз бетінше өмір сүріп не істеу және қашан істеу керектігін білетін тәрізді.

Осыдан басқа бір жетістігі объектілердің мәліметтері мен функцияларына қол жеткізуге қолданылатын синтаксис, процедуралық кодқа қарағанда ОББ – кодын аса оқылмалы етіп қолданысын жеңілдетеді. Ал өз бетінше сақталынатын автономиялы объектілер программалаудың процедуралық түріне қарағанда тез арада ең жақсы код жазуға себін туғызады.

Объектілі-бағытталған программалау процедуралық программалаудың ең жақсы концепцияларын қамтып, олардың қолданысының тездетілуін жақсартады. Кішігірім жобаларда ОББ жетістігі байқалмауы да мүмкін, ал үлкен жобаларда міндетті түрде байқалады. Бұлар ОББ программаны жобалау және жазу барысында программалаушыны программаның әртүрлі




модульдерінің қарым-қатынасына аса көңіл бөлуін талап етуінің арқасында орындалады. Шын мәнінде кішігірім программаларды жазуда ОББ технологиясын қолданбай процедуралық жолын пайдалану жеңіл. (Бұл жағдайда қандай да бір кодты «жабыстыра» салып, оны алдын-ала жобалаусыз жұмыс істету анағұрлым жеңіл). Алайда, программалар үлкейген сайын олар күрделене түседі де ебдейсізделінеді, олардың қателерін табу күрделі, ал мәліметтерге қол жеткізу өте қиын. Процедуралық жолмен құрылған модульдерді интеграциялау және жүргізу үрдісі аса күрделі және көп уақыт алуы мүмкін. Программаның өлшемі үлкейген сайын процедуралық «қара жәшіктер» көп арада «істен шығады», ал оларды модификациялағанда немесе программаны жүргізу уақытында оған қателер енуі мүмкін. Үлкен программалар процедуралық жолмен жазылғанымен (қазіргі кезде де жазылуда), ОББ программалаушының жұмысын жеңілдетеді және тездетеді, ал коды тиімдірек болады.

Кішігірім программаларды процедуралық жолмен (оның қарапайымдылығына байланысты) жазу жеңіл, ал үлкен программаларды объектілі-программалаудың көмегімен құру тіпті оңай. ОББ программалаушының ұйымшыл және тәртіпті болуын талап етеді, оны объекттердің өз мәліметтерімен және басқа объекттердің мәліметтерімен қарым-қатынасу әдісі талап етеді. Процедуралық программалау мен ОББ-ның негізгі жайы ұқсас болғанымен, ОББ программалаушыға көп уақыт қолдануға болатын код модулін құруға мүмкіндік береді. Оларды кез келген өлшемді жобаға ешқандай тиімсіз қосалқы жағдайлардың пайда болуынан қорықпай енгізуге болады.

### **3.2 «Алматытелеком» компаниясының филиалының ақпараттық жүйенің қызметінің сипатталуы**


«Алматытелеком» компаниясының филиалының ақпараттық жүйесінің функционалдық қабілетімен танысайық.

«Алматытелеком» компаниясының филиалының ақпараттық жүйесінің функционалдық қабілетімен танысайық. Қосымшаға кірген кезде программаның негізгі терезесі ашылады (3.1-сурет).




3.1- сурет – Негізгі терезе

Негізгі терезеде «Ведомость» бетінде заявка қалдырған клиенттер тізімі көрсетілген(3.1-сурет).




3.2-сурет – Негізгі терезеде жаңа клиенттерді енгізу формасы


Егер бірнеше уақыттан кейін клиент өз қызметін немесе тарифін өзгерткісі келсе, Негізгі терезеде «Редактировать» батырмасын басамыз(3.3-сурет).




3.3-сурет – Негізгі терезеде клиент нарядын өзгерту



3.4-сурет – Негізгі терезеде клиенттерді базадан өшіру батырмасы




3.5-сурет – «Справочники» терезесі филиалдағы специалисттер тізімі және «Тарифы» терезесі



3.6-сурет – «Отчет» терезесі

«Отчет» терезесінде отчет шертпесін басқан кезде «Отчет» таңдауының нәтижесі



3.7-сурет. «Отчет» таңдауының нәтижесі

### 3.3 Программаның баяндалуы

**Жалпы мағлұматтар.** Қарастырылып отырған мәліметтер базасы Visual Studio 2017 ортасында құрылды. Visual Studio 2017 программалық ортасы арқылы қызмет түрлері мен абоненттердің құжаттарын көруге болады. Visual Studio 2017 көп терезелік жүйе болып табылады. Қолданушылық интерфейс программалаушымен байланысты құруды қамтамасыз етеді және әртүрлі қолданбалы басқару элементтері бар бірнеше терезелерден тұрады. Интерфейстік жүйенің түрі әрбір қолданушының өзіндік өзгертулеріне байланысты әртүрлі болады. Құрылатын ақпараттық жүйе қызметкерлердің жұмысын жеңілдетеді:

- қажетті ақпаратты жылдам және тез алуға көмектеседі;
- мәліметтерді енгізуді жеңілдетеді;
- қолданушыға кез келген параметр бойынша ақпаратты табады.

Мәліметтер базасының көмегімен қолданушы мәліметтерге қатынаудың жолын қысқартады. Мәліметтер базасы үлкен фирмаларда, мекемелерде және т.б көп жерлерде қолданылады[16].

**Функционалдық тағайындалуы.** Бұл ақпараттық жүйе абоненттерді тіркеу, қызмет көрсетулерге өтініштер қабылдау, нарядтар құру мен оларды өңдеу жұмыстарын атқарады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Өтініш қабылдау процесі байланыс операторында негізгі және жиі қайталанатын жұмыс. Күн сайын оператор көптеген бұрын тіркелген және жаңа абоненттерден байланыс қызметіне қосылуға, байланыс қызметін өшіруге және қызмет көрсету түрін өзгертуге өтініштерді қабылдайды.

Осындай процесс тиімділігінің басты факторы өтінішті рәсімдеудің шапшаңдылығы мен оператор жағынан қателіктер болмауы болып табылады. Бұл процесті автоматтандырып, байланыс операторы операторлар штатын және адам факторынан болатын қателіктерді азайта алады.

Дипломдық жұмыста «Алматытелеком» компаниясының филиалының ақпараттық жүйесін құру моделі көрсетілген. Жұмыстың бірінші бөлімінде байланыс операторлары қызметінің даму мәселесінің қазіргі жағдайына шолу жасалынды, екінші бөлімінде ақпараттық қамтама құрылды: МББЖ ретінде MS SQL Server 8.0, ал қолданушының интерфейсін құруға Visual Studio 2017 өңдеу ортасы, үшденгейлі клиент-серверлік архитектура таңдалынды, үшінші бөлімінде «Алматытелеком» компаниясының филиалының өтініштер қабылдау мен алғашқы өңдеу процестері автоматтандырылды.

Программада инженер клиенттердің өтініштерін қабылдап, техникалық бөлімге өтініштерді жіберіп, қосуға мүмкіндік болған жағдайда клиенттермен келісім – шарт жасап, қосылудың төлемінің есебін береді. Бұл бөлімде сондай ақ клиенттердің қай қызмет түрлерін, қандай тарифтерді жиі қолданатыны туралы статистикалар келтірілді.

Техникалық бөлім нарядтарды өңдеп, клиент адресінде клиент таңдаған қызмет көрсету түріне мүмкіндік бар жоғын тексеріп, келісім – шарт жасалғаннан кейін құрылғыны орнатуға монтер – инсталляторларды жібереді, орнату біткеннен кейін наряд жабылады. Инженердің нарядтарды өңдеу статистикасы келтірілген.

Бұл жүйе байланыс операторының өтініш қабылдау мен оны алғашқы өңдеу процесін бірыңғайландырады және тездетеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- 1 П.Роб, К.Коронел Системы баз данных: проектирование, реализация и управление – СПб.: БХВ-Петербург, 2004. 1040 б.
- 2 Л.В.Рудикова База данных разработка приложений – СПб.: БХВ-Петербург. 2006.
- 3 Сидорина Татьяна Самоучитель Microsoft Visual Studio C++ и MFC; БХВ-Петербург - М., 2009. - 848 с.
- 4 Хандхаузен Ричард Знакомство с Microsoft Visual Studio 2005 Team System; Питер, Русская Редакция - М., 2006. - 402 с.
- 5 Рендольф Ник , Гарднер Дэвид , Минутилло Майкл , Андерсон Крис Visual Studio 2010 для профессионалов; Диалектика - М., 2011. - **309** с.
- 6 Хандхаузен, Ричард Знакомство с Microsoft Visual Studio 2005 Team System / Ричард Хандхаузен. - М.: Питер, Русская Редакция, **2016**. - 402 с.
- 7 Культин Никита Visual Basic. Освой самостоятельно (+ CD-ROM) Никита Культин; БХВ-Петербург - , **2015**. - 488 с.
- 8 И.И.Семенова Разработка клиент-серверных приложений с использованием технологий Oracle – Омск: СибАДИ.2008.
- 9 Алекс Макки Введение в .NET 4.0 и Visual Studio 2010 для профессионалов; Диалектика / Вильямс - М., **2016**. - **452** с.
- 10 Л.Ш. Балгабаева Мәліметтер және білім базасы – Алматы: ҚазҰТУ. 2000.
- 11 Megaline ресми сайты//[http:// www.megaline.kz](http://www.megaline.kz)
- 12 Рендольф Ник , Гарднер Дэвид , Минутилло Майкл , Андерсон Крис Visual Studio 2010 для профессионалов; Диалектика - М., 2011. - **309** с.
- 13 Гарнаев А. Самоучитель Visual Studio .NET 2003; Книга по Требованию - М., 2003. - 672 с.
- 14 <http://www.almatytelecom.kz> Алматы телеком сайты.
- 15 Голощاپов Алексей Microsoft Visual Studio 2010; БХВ-Петербург - Москва, 2011. - 544 с.
- 16 Майо Джо Microsoft Visual Studio 2010. Самоучитель; БХВ-Петербург - Москва, 2010. - 450 с.
- 17 К. Луни, Б.Брилла Oracle Database 10g Настольная книга администратора – М.: Лори.2008.
- 18 <http://www.argustelecom.ru/?page=products/priz> Аргус FTO-ның айты
- 19 Макки Алекс Введение в .NET 4.0 и Visual Studio 2010 для профессионалов; Вильямс - М., 2010. - 416 с.
- 20 А.Нанда, С.Фейерштейн Oracle PL/SQL для администраторов БД - :СПб.: Символ-Плюс.2008.



## А қосымша

```
private void superTabControl1_SelectedTabChanged(object sender,
DevComponents.DotNetBar.SuperTabStripSelectedTabChangedEventArgs e)
{
}
public void load_table4()
{
    string constring =
"datasource=localhost;port=3306;username=root;password=root";
    MySqlConnection conDataBase = new MySqlConnection(constring);
    MySqlCommand cmdDataBase = new MySqlCommand("SELECT * from
kazakhtelececom.tarif ; ", conDataBase);

    try
    {
        MySqlDataAdapter sda = new MySqlDataAdapter();
        sda.SelectCommand = cmdDataBase;
        dbdataset1 = new DataTable();
        sda.Fill(dbdataset1);
        BindingSource bSource = new BindingSource();

        bSource.DataSource = dbdataset1;
        dataGridViewX4.DataSource = bSource;

        sda.Update(dbdataset1);
    }
    catch (Exception ex)
    {
        MessageBox.Show(ex.Message);
    }
}

private void textBoxX1_TextChanged(object sender, EventArgs e)
{
    DataView DV = new DataView(dbdataset);
    DV.RowFilter = string.Format("Convert(`ID`,`System.String`) LIKE
'{0}'%", textBoxX1.Text);
    dataGridViewX1.DataSource = DV;
}
```

## А қосымшаның жалғасы

```
//DV.RowFilter = string.Format("`Температура воды` LIKE '{0}%",
textBoxX1.Text);
//String.Format("Convert(LocalDateTime,'System.String') LIKE '{0}%",
str);
}
private void dataGridViewX1_CellContentClick(object sender,
DataGridViewCellEventArgs e)
{
}

private void textBoxX2_TextChanged(object sender, EventArgs e)
{
    DataView DV = new DataView(dbdataset);
    DV.RowFilter = string.Format("Convert(`Дата`, 'System.String') LIKE
'{0}%", textBoxX2.Text);
    dataGridViewX1.DataSource = DV;
}

private void textBoxX3_TextChanged(object sender, EventArgs e)
{
    DataView DV = new DataView(dbdataset);
    DV.RowFilter = string.Format("Convert(`Услуга`, 'System.String') LIKE
'{0}%", textBoxX3.Text);
    dataGridViewX1.DataSource = DV;
}

private void textBoxX4_TextChanged(object sender, EventArgs e)
{
    DataView DV = new DataView(dbdataset);
    DV.RowFilter = string.Format("Convert(`Статус`, 'System.String') LIKE
'{0}%", textBoxX4.Text);
    dataGridViewX1.DataSource = DV;
}

private void textBoxX5_TextChanged(object sender, EventArgs e)
{
    DataView DV = new DataView(dbdataset);
```

## А қосымшаның жалғасы

```
DV.RowFilter = string.Format("Convert('ИИИ', 'System.String') LIKE  
'%{0}%", textBoxX5.Text);  
dataGridViewX1.DataSource = DV;  
}  
  
private void buttonX1_Click(object sender, EventArgs e)  
{  
  
    add f4 = new add();  
    f4.Show();  
}  
  
private void buttonX4_Click(object sender, EventArgs e)  
{  
    update update = new update();  
    update.Show();  
}  
  
private void buttonX5_Click(object sender, EventArgs e)  
{  
    delete delete = new delete();  
    delete.Show();  
}  
  
private void buttonX2_Click(object sender, EventArgs e)  
{  
    this.Hide();  
    edit edit = new edit();  
    edit.Show();  
}  
  
private void buttonX3_Click(object sender, EventArgs e)  
{  
    save save = new save();  
    save.Show();  
}  
  
private void buttonX6_Click(object sender, EventArgs e)  
{  
    aboutprogram form1 = new aboutprogram();  
    form1.Show();  
}
```

## А қосымшаның жалғасы

```
private void buttonX7_Click(object sender, EventArgs e)
{
    string constring =
"datasource=localhost;port=3306;username=root;password=root";
    MySqlConnection conDataBase = new MySqlConnection(constring);
    MySqlCommand cmdDataBase = new MySqlCommand(" select * from
kazakhtelececom.tarif ; ", conDataBase);
    MySqlDataReader myReader;
    try
    {
        conDataBase.Open();
        myReader = cmdDataBase.ExecuteReader();

        while (myReader.Read())
        {
            // this.chart1.Series[""].Points.AddY(myReader.GetString("Статус"));

this.chart1.Series["Series1"].Points.AddXY(myReader.GetString("Тариф"),
myReader.GetString("Количество"));

            // this.chart1.Series["
        }
    }

    catch (Exception ex)
    {
        MessageBox.Show(ex.Message);
    }
}
```